

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## «Бөлме өсімдіктері»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
06.01.2021

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/88350/>

Жаңаөзен қалалық білім бөлімі

«Рахат бөбекжай-бақшасы»

жедел басқару құқығындағы

МКҚК тәрбиешісі

Баймуханова Айнаш

**Білім беру саласы:** «Таным»

**Бөлімі:** Экология негіздері.

**Тақырыбы:** «Бөлме өсімдіктері»

**Мақсаты:** Балалардың табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы білімдерін толықтыру .Қазтамақ пен фикус гүлі туралы айтып, оларды бір – бірінен ажырата білуге, тани білуге үйрету және күту ерекшеліктерімен таныстыру . Бөлме өсімдіктерін қалай күту керектігін іс жүзінде көрсету арқылы еңбекқорлыққа баулу .

**Билингвальды компонент:** өсімдіктер – растения , гүл – цветок, сабақ –стебель жапырақ – лист.

Әрекеттер кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балалардың назарын топтағы бөлме гүлдеріне аударады . -Мыналар нелер? -Гүлдер не ішінде өсіп тұр? -Мұндай гүлдерді қайда өсіреміз? -Дұрыс, бұл гүлдер бөлме өседі. Сондықтан оларды бөлме өсімдіктері деп атайды. Бөлме өсімдіктері ауаны тазартады .	Балалар мұқият тыңдап сұрақтарға толық жауап береді

<p><b>Ізденуші ұйымдастыру</b></p>	<p>-Қазір мен бір өсімдікті сипаттаймын, ал сендер қандай өсімдік екенін табыңдар .          -Жапырақтары сопақша, үлкен, түсі қою жасыл. Бұл қай өсімдік?          (Фигус гүлін көрсетеді ).          -Бүгін сендерді жаңа бөлме өсімдігі – хош иісті қазтамақпен таныстырамын.          Қазтамақтың сабағы жасыл, шырынды, сабағының бойымен хош иіс беретін жапырақтары өседі .          Оның гүл шоғырлары хош иісті және әртүрлі түсті болады , бірақ көбіне қызыл гүлі бар қазтамақтар көп кездеседі.          Билингвальды компонент: өсімдіктер – растения , гүл – цветок, сабақ –стебель жапырақ – лист.          Тыныс алу жаттығуы: «Гүлдердің хош иісі» .          -Қазтамақтың хош иісін сезіну терең тыныс алайық.          -Қазтамақ – дәрілік өсімдік . Одан дәрілік майлар жасалады .          Хош иісі бөлмеге ұсақ шіркейлерді келтірмейді .          -Балалар, қазтамақтың фикустан айырмашылығын қарастырайық .          -Фигус қандай күтімді қажет етеді?          Жапырақтарындағы шаңды немен сүртеді?          -Не үшін жапырақтардағы шаңды сүртеміз?          Жапырақтарды ауаны тазартады .          -Өсімдіктерді қалай суару керектігін көрсетіңдерші .          -Су құйғыштың тұмсығын гүл ыдысының шетіне салып, суды шашыратпай суару керек .          Бөлме өсімдіктерін қалай күтіп – баптау керектігін түсіндіреді.          Сергіту сәтін өткізу .          Біз гүлдер ше өсеміз,          Жапырағы жайқалған,          Сабақтары салалы,          Жел күшімен шайқалған.          Таңғажайып сәт .          Есік қағылып, бөлмеге дәрігер Салауат кіреді .          -Сәлеметсіңдер ме, балалар ! Мен мейірімді Салауатпын .          Таңертең маған көжектер келіп, құлақтарының ауырып тұрғанын айтып еді . Ал менің дәрі салғышымда дәрілер таусылып қалыпты. Балалар , сендердің топтарында дәрілік өсімдіктер бар ма?          -Балалар, сендерге үлкен рақмет ! Сендер маған көмектесетіндер, енді мен өз достарымды емдеп аламын .          Сау болыңдар!</p>	<p>Айтылған сипаттама бойынша фикусты табады .</p> <p>Мұқият тыңдайды .</p> <p>Қайталайды .</p> <p>Қазтамақ гүлінің иісін иіскеп , тыныс алу жаттығуларын орындайды</p> <p>Балалардың жауабы</p> <p>Қимылмен көрсетіп жасайды</p> <p>Балалардың жауабы</p>
<p><b>Рефлексті түзетуші</b></p>	<p>Сұрақ –жауап әдісі арқылы іс – әрекетінде алған білімдері қорытындыланады.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді. Бір –бірінің жауаптарын тыңдайды</p>

### Қүтілетін нәтиже:

**Ұғынады :** бөлме өсімдіктерін бір – бірінен ажырата білуге арналып тапсырмаларды.

**Түсінеді :** табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері туралы мәліметтерді .

**Қолданады :** бөлме өсімдіктерін күте білу дағдылар

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.